Конкурстық құжаттамаға
15-қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	Алматы қаласы әкімдігінің Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алматы ветеринарлық қызметі" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
Ұйымдастырушының атауы:	Алматы қаласы әкімдігінің Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алматы ветеринарлық қызметі" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
Конкурстың №:	№ 17990687-1
Конкурстың атауы:	УҰП қызметкерлері үшін жылжымалы үй-жай дайындау бойынша жұмыстарды сатып алу
Лоттың нөмірі:	№ 82723665-ОК1
Лоттың атауы	Металл құрылымдарды дайындау бойынша жұмыстар
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	251199.000.000001
Жұмыстың атауы:	Металл құрылымдарды дайындау бойынша жұмыстар
Өлшем бірлігі:	Жұмыс
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	6427586.2
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	6427586.2

Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Жұмыстарды орындау мерзімі	шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Персоналға арналған жылытылатын модульдік тұрмыстық үй-жайды дайындау және жеткізу бойынша техникалық сипаттама Габариттік өлшемдері мен ішкі орналасуы келісілген жұмыс сызбаларына сәйкес нақтыланады. 1. Мақсаты және жалпы параметрлері Бұйым: персоналдың киім ауыстыруына, санитариялық-гигиеналық қажеттіліктеріне және тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған, тұтас металл көтергіш қаңқасы бар, зауытта толық дайындалған, жылытылатын, құрастырмалы және тасымалдауға жарамды тұрмыстық үй-жай. Жабдықтар орнатылғаннан кейін де кран техникасының көмегімен тасымалдау және орнату мүмкіндігі сақталуы тиіс. Саны – 1 жиынтық. Бастапқы ұсыныс бойынша сыртқы габариттік өлшемдері: ұзындығы – шамамен 12 000 мм, ені – 2 500 мм, биіктігі – 2 900 мм. Соңғы өлшемдері мен нақты пайдалы алаңы дайындау жұмыстары басталғанға дейін келісіліп бекітілуі тиіс. Орындалуы – сумен жабдықтау, кәріз жүйесі және электр қуатына қосылғаннан кейін жыл бойы пайдалануға арналған жылытылған конструкция. Барлық есік және терезе ойықтары, ішкі қалқалар, жиһаздар мен инженерлік желілердің монтажы көтергіш конструкциялардың беріктігін төмендетпей орындалуы тиіс. Кесілген орындар металл жақтаулармен қосымша күшейтілуі қажет. 2. Функционалдық жоспарлануы. Аймақ Шамамен ұзындығы Функционалдық жабдықталуы А. Киім ауыстыру бөлмесі 4 100 мм Персоналға арналған жеке құлыпталатын 24 секция, отыруға арналған орындық Б. Санитариялық торап және кіреберіс аймағы 2 000 мм Кіреберіс бөлігі, унитаз, қолжуғыш, душқа арналған тұғырық (поддон), бөліп тұратын қоршаулар В. Тұрмыстық бөлме 5 700 мм Қосымша қолжуғыш («сулы нүкте»), құлыпталатын шаруашылық шкафы, тоңазытқыш орнатуға арналған орын, жұмыс/ас ішу үстелі Сызбаға сәйкес пайдалы ішкі кеңістіктің ені шамамен 2 150 мм құрайды. Ішкі жоспарлануы 1-қосымшаға сәйкес орындалады. Есіктер мен санитариялық қалқалардың түпкілікті орналасуы монтаждау сызбалары бойынша тексерілуі тиіс. Шкафтардың есіктері ашық тұрған кезде де өту жолдары бос әрі кедергісіз болуы қажет. 3. Көтергіш металл конструкция және сыртқы қаптама Көтергіш қаңқа – болаттан жасалған кеңістіктік дәнекерленген конструкция. Оның құрамына қорап тәрізді немесе күшейтілген қималы болат профильден жасалған төрт бұрыштық тірек, жоғарғы және төменгі бойлық және шеткі байлау элементтері, сондай-ақ негіз бен шатырдың көлденең элементтері кіруі тиіс. Тіректер мен күштік байлау элементтерін дайындау кезінде зауыттық тасымалдау және пайдалану кезіндегі қажетті беріктікті қамтамасыз ететін қабырға қалыңдығы мен қимасы бар металл профильдер қолданылуы тиіс. Сыртқы бүйір және шеткі қабырғалар – қаңқаға бекітілген, түйіскен жерлері герметизацияланған және коррозияға қарсы сапалы сыртқы бояумен қапталған профильді болат табақтан жасалуы тиіс. Шатыр – су өткізбейтін қосылыстары бар, атмосфералық жауын-шашынның суын ағып кетусіз ұйымдасқан түрде бұру жүйесі қарастырылған тұтас металл жабыннан орындалуы тиіс. Төменгі жақтау – көлденең арқалықтары және еденнің тұтас тірек негізі бар болат күштік байлау конструкциясы

	болуы тиіс. Тасымалдау және жүк көтеру тораптары зауыттық үлгідегі күшейтілген элементтерден орындалуы қажет. Қауіпсіз тиеу, тасымалдау және орнату мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. 4. Жылу оқшаулау, ішкі әрлеу және еден Қабырғалар мен төбе: қалыңдығы кемінде 100 мм минералды мақта плиталарымен жылу оқшауланууы тиіс. Үй-жайдың ішкі жағынан бу оқшаулағыш қабаты қарастырылып, жылу көпірлерін болдырмайтындай етіп саңылаусыз толтырылуы және ылғалданудан қорғалуы қажет. Еден: бастапқы ұсынысқа сәйкес қалыңдығы кемінде 30 мм экструдталған пенополистиролмен жылу оқшауланууы, берік тұтас негізі және табақ материалдан жасалған төсемі болуы тиіс. Қалыңдығы 9 мм табақтар тек қатты әрі тұтас негіздің қосымша қабаты ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жаңа көтергіш табақты еден орнатылған жағдайда оның қалыңдығы кемінде 18 мм немесе есептік көрсеткіштері бойынша соған баламалы конструкция қабылдануы тиіс. Құрғақ үй-жайлар: қабырғалары қалыңдығы 16 мм ламинацияланған ағаш-жаңқалы тақтамен (ЛДСП) немесе жууға жарамды соған баламалы табақ материалмен қапталуы тиіс. Төбесі сәндік панельдермен әрленеді. Еденнің соңғы жабыны қоғамдық-тұрмыстық мақсатта пайдалануға арналған ламинаттан орындалуы тиіс. Санитариялық торап пен қосымша қолжуғыш орналасқан аймақ: қабырғалары мен төбесі ылғалға төзімді материалдармен қапталуы, едені мен түйіскен жерлері гидрооқшауланууы, еден жабыны суға төзімді және тайғанамайтын болуы тиіс. Ылғалды аймақтарда ламинат пен кәдімгі ЛДСП қолдануға жол берілмейді. Барлық беттер өткір жиектерсіз, сынықтарсыз және саңылауларсыз орындалуы тиіс. Ылғалды тазалау және дезинфекциялау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі қажет. 5. Терезелер, есіктер және желдету Терезелер – 3 дана, шамамен 1 000 × 1 000 мм өлшемде, әйнектелген, тығыздағыштары бар және кемінде негізгі үй-жайларда желдету мүмкіндігін қамтамасыз ететін болуы тиіс. Орналасуы жоспарға сәйкес орындалады. Сыртқы есік – жылу оқшауланған металл есік, шамамен 960 × 2 050 мм өлшемде, құлпы, тұтқалары және тығыздағышы болуы тиіс. Табалдырығы қауіпсіз және су өткізбейтін болуы қажет. Ішкі есіктер мен санитариялық кабиналардың есіктері – нақты келісілген жоспарлауға сәйкес орнатылады. Санитариялық тораптың жеке жабылуы және аймақтардың қажетті деңгейде бөлінуі қамтамасыз етілуі тиіс. Санитариялық торапта сорып шығаратын желдету жүйесі қарастырылуы қажет. Қалған аймақтарда ауа кіргізу және желдету мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Желдеткіш арналары мен құбырлар өтетін орындар герметизациялануы қажет. 6. Персоналға арналған шкафтар – 24 жеке орын 24 жеке құлыпталатын секция орнатылуы тиіс. Екі тәуелсіз есігі бар 12 екі секциялы металл шкафты пайдалануға рұқсат етіледі. Бір секцияның ұсынылатын габариттік өлшемдері: ені – 300–350 мм, тереңдігі – 450–500 мм, шкафтың жалпы биіктігі – 1 750–1 900 мм. Өлшемдерді барлық 24 секцияны 4 100 × 2 150 мм киім ауыстыру бөлмесіне өту жолдарын тарылтпай орналастыру мақсатында нақтылауға жол беріледі. Материалы – ылғалды тазалауға төзімді ұнтақ бояумен қапталған табақ болат.

	Әрбір секция жеке құлыппен және екі кілтпен жабдықталуы, желдету саңылаулары, жоғарғы сөресі, киім ілуге арналған көлденең сырығы немесе ілгектері және аяқ киімге арналған төменгі бөлігі болуы тиіс. Шкафтар жоспарға сәйкес киім ауыстыру бөлмесінің үш қабырғасының бойына шамамен 7 + 10 + 7 секция тәртібімен орналастырылады. Шкафтар бір-біріне және қабырғаларға берік бекітілуі тиіс. 7. Санитариялық-техникалық жабдықтар Орталық санитариялық блок: су ағызатын бачогы бар унитаз – 1 дана; тұғырығы (поддоны), араластырғыш краны және қоршауы немесе пердесі бар душ – 1 жиынтық; араластырғыш краны бар қолжуғыш – 1 жиынтық. Тұрмыстық бөлме: жұмыс үстелінің бетіне немесе тумбаға орналастырылатын, араластырғыш краны бар қосымша қолжуғыш – 1 жиынтық. Суық суға, ал ыстық сумен жабдықтау жүйесі болған жағдайда ыстық суға қосылуы және кәрізге арналған жеке су бұру желісі қарастырылуы тиіс. Сумен жабдықтау: әрбір сантехникалық құралдың жанында су жабатын крандары бар құбырлар жүйесі тартылуы, құбырлардың өтетін орындары қорғалуы және суды толық ағызу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Кәріз жүйесі: сифондармен жабдықталған ішкі су бұру құбырлары сыртқы кәріз жүйесіне герметикалық түрде қосылуы тиіс. Теріс температураның әсеріне ұшырауы мүмкін барлық су құбырлары мен кәріз учаскелері нақты орнату орнының жағдайларын ескере отырып, жылу оқшауланууы және қатып қалудан қорғалуы тиіс. 8. Тұрмыстық бөлмені жабдықтау Тұрмыстық заттар мен тазалау құралдарын сақтауға арналған жабылатын шкаф – кемінде 1 дана. Шамамен өлшемдері – 600 × 400 × 1 800 мм. Шкаф сөрелермен және ұзын өлшемді заттарды сақтауға арналған жеке бөліктен жабдықталуы тиіс. Жуғыш заттар азық-түлік өнімдері мен ыдыс-аяқтан бөлек сақталуы қажет.Тоңазытқыш орнатуға арналған орын: қорғаныш контактісі бар стационарлық электр розеткасына қолжетімді, бос алаң қарастырылуы тиіс. Ұзартқыштарды пайдалануға және тоңазытқыш жабдығының желдетілуіне кедергі келтіруге жол берілмейді. 9. Электрмен жабдықтау, розеткалар және жарықтандыру 380/220 В электр қуатын енгізу қарастырылуы тиіс (алаңда тиісті желі болған жағдайда үш фазалы). Кіріс автоматты ажыратқышы, тарату қалқаны, электр желілерінің топтарға бөлінуі, қорғаныш жерге қосу, автоматты ажыратқыштар және ылғалды аймақтарды қоса алғанда, розетка желілеріне арналған дифференциалдық қорғаныс құрылғылары орнатылуы тиіс. Электр сымдары мыс өткізгіштерден жасалып, қорғаныш арналарының немесе гофрленген құбырлардың ішіне жасырын тартылуы тиіс. Розетка желілері үшін сымның қимасы шамамен кемінде 3 × 2,5 мм², жарықтандыру желілері үшін кемінде 3 × 1,5 мм² болуы тиіс. Сымдардың түпкілікті қимасы есептік жүктеме мен желі ұзындығына сәйкес анықталады. Барлық розеткалар қорғаныш контактісімен жабдықталуы тиіс. Жалпы пайдалануға арналған розеткалар саны – кемінде 12 дана, оның ішінде: киім ауыстыру бөлмесінде – 4 дана; тұрмыстық бөлмеде – 8 дана. Олардың ішінде тоңазытқышқа арналған 1 тұрақты розетка, электр шәйнегі мен микротолқынды пешке арналған кемінде 2 розетка және

	резервте пайдалануға арналған кемінде 4 бос розетка қарастырылуы тиіс. Ұзартқыштар стационарлық электр желісінің орнына қолданылмауы тиіс. Су жылытқыш пен стационарлық электр жылыту жүйесі (қолданылған жағдайда) үшін жеке электр қосылымдары қарастырылуы тиіс. Бұл қосылымдар жоғарыда көрсетілген 12 розетканың санына кірмейді. Жарықтандыру: аймақтар бойынша бөлек қосылатын кемінде 6 ішкі жарықдиодты шам және кіреберіс есігінің үстіне орнатылатын 1 қорғаныш сыртқы шам қарастырылуы тиіс. Ажыратқыштар пайдалануға ыңғайлы және су шашырауы мүмкін аймақтардан тыс жерлерге орналастырылуы қажет. Ылғалды үй-жайларда ылғалдан қорғаудың тиісті дәрежесі бар электр монтаждау бұйымдары қолданылып, олар қауіпті аймақтардан тыс орналастырылуы тиіс. Электрмен жылыту және суды электрмен жылыту жүйелері болған жағдайда, бір мезгілде пайдаланылатын жүктемелерді тексере отырып, есептік бөлінген электр қуатын шамамен 15 кВт деңгейінде қабылдау ұсынылады. Түпкілікті қуаты мен қосылу тәсілі Тапсырыс берушімен келісіледі. 10. Жылыту, қауіпсіздік және құжаттама жиынтығы Құрғақ үй-жайларды жылыту және санитариялық торапты қатып қалудан қорғау қарастырылуы тиіс. Электр жылыту құрылғыларының түрі, саны мен қуаты жылутехникалық есеппен расталып, жеткізуге дейін Тапсырыс берушімен келісілуі қажет. Жүк көтергіш қаңқаға, конструкцияға, жылу оқшаулағышқа, ішкі және сыртқы әрлеуге, инженерлік жүйелерге, орнатылған жабдыққа және орындалған монтаждау жұмыстарына берілетін кепілдік мерзімі бұйымды қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап кемінде 12 айды құрайды. Кепілдік мерзімі ішінде Жеткізуші сапасыз материалдарды, жабдықтарды пайдалану немесе жұмыстарды сапасыз орындау салдарынан туындаған анықталған ақаулар мен жарамсыздықтарды өз қаражаты есебінен жоюға міндетті. 11. Қабылдау және жеткізілім жиынтықтылығы Жеткізілетін өнім толық құрастырылған және барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген күйде тапсырылуы тиіс. Жөнелтуге дейін Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір аймақтың орындалу барысы мен дайын нәтижесін көрсететін фотосуреттерді және/немесе бейнематериалдарды ұсынуға міндетті. Оның ішінде барлық 24 жеке бөлімнің орналасуы, есіктер мен құлыптардың жұмыс істеуі, сантехникалық жабдықтардың, электр тарату қалқанының және электр розеткаларының жұмыс жағдайы көрсетілуі тиіс. Орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде төмендегілер тексеріледі: геометриялық өлшемдердің жобалық құжаттамаға сәйкестігі; Жабынның тұтастығы мен сапасы; Сантехникалық жабдықтар, қолжуғыштар, душ кабиналары және басқа да ылғалды аймақтар орналасқан жерлерде Орындаушы ылғалдылығы жоғары үй-жайларға арналған арнайы гидрооқшаулағыш материалдарды пайдалана отырып, еден мен оған іргелес қабырғаларға толық гидрооқшаулау жұмыстарын жүргізуге міндетті; Электр қондырғыларының электр қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі; Орындалған жұмыстар мен орнатылған жабдықтардың толықтығы. Орындаушы қосымша қолжуғыш пен шкафты, персоналға арналған 24 жеке секцияны, барлық қажетті қалқалар мен есіктерді, электр нүктелерін,

	сондай-ақ алдын ала келісілген тізім мен жобалық құжаттамаға сәйкес барлық жиһазды орнатуға міндетті. Орындаушы үй-жайды барлық қажетті инженерлік желілерге (сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, электрмен жабдықтау, желдету және сметада көзделген басқа да инженерлік жүйелер) қосуды қамтамасыз етуге, олардың жұмысқа жарамдылығын тексеруге және Тапсырыс берушіге пайдаланылған материалдар мен жабдықтарға қатысты сәйкестік сертификаттарын, сапа паспорттарын және өзге де растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Барлық материалдарды, жабдықтар мен жиһазды объектіге жеткізу, түсіру, көтеру, үй-жай ішінде тасымалдау, құрастыру және монтаждау жұмыстары Орындаушының (Жеткізушінің) күшімен және қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Осы жұмыстарға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде көлік, тиеу-түсіру және монтаждау шығындарын Орындаушы көтереді. Көрсетілген қызметтер үшін Тапсырыс берушіден қосымша ақы алынбайды. 12. Қосымша техникалық және ұйымдастырушылық талаптар Өндірісті бастамас бұрын Жеткізуші Жұмыс сызбаларын, түпкілікті габариттік өлшемдерді, жоспарлануын, жабдықтардың орналасуын және инженерлік коммуникациялардың орналасуын Тапсырыс берушімен келісуге міндетті.Спецификацияда көзделген материалдарды, жабдықтарды және техникалық шешімдерді ауыстыруға тек Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен, бастапқы сипаттамалары сақталған немесе жақсартылған жағдайда ғана жол беріледі. Жүк көтергіш қаңқа, негіз және жүк көтеруге арналған тораптар толық жинақталған модульді қауіпсіз көтеруді, тасымалдауды және орнатуды қамтамасыз етуі тиіс. Жеткізуші конструкцияның есептік жүктемелерге сәйкестігін растауы қажет. Кейіннен техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін негізгі инженерлік тораптар мен қосылыстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Келісілген жинақтама шеңберінде бұйымды пайдалануға толық дайын күйге келтіру үшін қажетті барлық материалдар, жиынтықтаушы бөлшектер және монтаждау жұмыстары ұсыныстың құнына енгізілуі тиіс. Келісілген жинақтамада көзделмеген қосымша жұмыстар мен шығындар Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуге жатады. Өндірісті бастамас бұрын Жеткізуші Тапсырыс берушіге жабдықтар мен материалдардың негізгі техникалық сипаттамалары көрсетілген түпкілікті спецификациясын ұсынуы тиіс. Бұйымды қабылдау кезінде қосымша түрде дәнекерленген қосылыстардың сапасын, жабдықтар мен шкафтардың бекітілу сенімділігін, инженерлік жүйелердің жұмысқа жарамдылығын және нақты жинақтаманың келісілген спецификацияға сәйкестігін тексеру қажет.

Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	Персоналға арналған жылытылатын модульдік тұрмыстық үй-жайды дайындау және жеткізу бойынша техникалық сипаттама Габариттік өлшемдері мен ішкі орналасуы келісілген жұмыс сызбаларына сәйкес нақтыланады. 1. Мақсаты және жалпы параметрлері Бұйым: персоналдың киім ауыстыруына, санитариялық-гигиеналық қажеттіліктеріне және тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған, тұтас металл көтергіш қаңқасы бар, зауытта толық дайындалған, жылытылатын, құрастырмалы және тасымалдауға жарамды тұрмыстық үй-жай. Жабдықтар орнатылғаннан кейін де кран техникасының көмегімен тасымалдау және орнату мүмкіндігі сақталуы тиіс. Саны – 1 жиынтық. Бастапқы ұсыныс бойынша сыртқы габариттік өлшемдері: ұзындығы – шамамен 12 000 мм, ені – 2 500 мм, биіктігі – 2 900 мм. Соңғы өлшемдері мен нақты пайдалы алаңы дайындау жұмыстары басталғанға дейін келісіліп бекітілуі тиіс. Орындалуы – сумен жабдықтау, кәріз жүйесі және электр қуатына қосылғаннан кейін жыл бойы пайдалануға арналған жылытылған конструкция. Барлық есік және терезе ойықтары, ішкі қалқалар, жиһаздар мен инженерлік желілердің монтажы көтергіш конструкциялардың беріктігін төмендетпей орындалуы тиіс. Кесілген орындар металл жақтаулармен қосымша күшейтілуі қажет. 2. Функционалдық жоспарлануы. Аймақ Шамамен ұзындығы Функционалдық жабдықталуы А. Киім ауыстыру бөлмесі 4 100 мм Персоналға арналған жеке құлыпталатын 24 секция, отыруға арналған орындық Б. Санитариялық торап және кіреберіс аймағы 2 000 мм Кіреберіс бөлігі, унитаз, қолжуғыш, душқа арналған тұғырық (поддон), бөліп тұратын қоршаулар В. Тұрмыстық бөлме 5 700 мм Қосымша қолжуғыш («сулы нүкте»), құлыпталатын шаруашылық шкафы, тоңазытқыш орнатуға арналған орын, жұмыс/ас ішу үстелі Сызбаға сәйкес пайдалы ішкі кеңістіктің ені шамамен 2 150 мм құрайды. Ішкі жоспарлануы 1-қосымшаға сәйкес орындалады. Есіктер мен санитариялық қалқалардың түпкілікті орналасуы монтаждау сызбалары бойынша тексерілуі тиіс. Шкафтардың есіктері ашық тұрған кезде де өту жолдары бос әрі кедергісіз болуы қажет. 3. Көтергіш металл конструкция және сыртқы қаптама Көтергіш қаңқа – болаттан жасалған кеңістіктік дәнекерленген конструкция. Оның құрамына қорап тәрізді немесе күшейтілген қималы болат профильден жасалған төрт бұрыштық тірек, жоғарғы және төменгі бойлық және шеткі байлау элементтері, сондай-ақ негіз бен шатырдың көлденең элементтері кіруі тиіс. Тіректер мен күштік байлау элементтерін дайындау кезінде зауыттық тасымалдау және пайдалану кезіндегі қажетті беріктікті қамтамасыз ететін қабырға қалыңдығы мен қимасы бар металл профильдер қолданылуы тиіс. Сыртқы бүйір және шеткі қабырғалар – қаңқаға бекітілген, түйіскен жерлері герметизацияланған және коррозияға қарсы сапалы сыртқы бояумен қапталған профильді болат табақтан жасалуы тиіс. Шатыр – су өткізбейтін қосылыстары бар, атмосфералық жауын-шашынның суын ағып кетусіз ұйымдасқан түрде бұру жүйесі қарастырылған тұтас металл жабыннан орындалуы тиіс. Төменгі жақтау – көлденең арқалықтары және еденнің тұтас тірек негізі бар болат күштік байлау конструкциясы

	болуы тиіс. Тасымалдау және жүк көтеру тораптары зауыттық үлгідегі күшейтілген элементтерден орындалуы қажет. Қауіпсіз тиеу, тасымалдау және орнату мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. 4. Жылу оқшаулау, ішкі әрлеу және еден Қабырғалар мен төбе: қалыңдығы кемінде 100 мм минералды мақта плиталарымен жылу оқшауланууы тиіс. Үй-жайдың ішкі жағынан бу оқшаулағыш қабаты қарастырылып, жылу көпірлерін болдырмайтындай етіп саңылаусыз толтырылуы және ылғалданудан қорғалуы қажет. Еден: бастапқы ұсынысқа сәйкес қалыңдығы кемінде 30 мм экструдталған пенополистиролмен жылу оқшауланууы, берік тұтас негізі және табақ материалдан жасалған төсемі болуы тиіс. Қалыңдығы 9 мм табақтар тек қатты әрі тұтас негіздің қосымша қабаты ретінде пайдаланылуы мүмкін. Жаңа көтергіш табақты еден орнатылған жағдайда оның қалыңдығы кемінде 18 мм немесе есептік көрсеткіштері бойынша соған баламалы конструкция қабылдануы тиіс. Құрғақ үй-жайлар: қабырғалары қалыңдығы 16 мм ламинацияланған ағаш-жаңқалы тақтамен (ЛДСП) немесе жууға жарамды соған баламалы табақ материалмен қапталуы тиіс. Төбесі сәндік панельдермен әрленеді. Еденнің соңғы жабыны қоғамдық-тұрмыстық мақсатта пайдалануға арналған ламинаттан орындалуы тиіс. Санитариялық торап пен қосымша қолжуғыш орналасқан аймақ: қабырғалары мен төбесі ылғалға төзімді материалдармен қапталуы, едені мен түйіскен жерлері гидрооқшауланууы, еден жабыны суға төзімді және тайғанамайтын болуы тиіс. Ылғалды аймақтарда ламинат пен кәдімгі ЛДСП қолдануға жол берілмейді. Барлық беттер өткір жиектерсіз, сынықтарсыз және саңылауларсыз орындалуы тиіс. Ылғалды тазалау және дезинфекциялау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі қажет. 5. Терезелер, есіктер және желдету Терезелер – 3 дана, шамамен 1 000 × 1 000 мм өлшемде, әйнектелген, тығыздағыштары бар және кемінде негізгі үй-жайларда желдету мүмкіндігін қамтамасыз ететін болуы тиіс. Орналасуы жоспарға сәйкес орындалады. Сыртқы есік – жылу оқшауланған металл есік, шамамен 960 × 2 050 мм өлшемде, құлпы, тұтқалары және тығыздағышы болуы тиіс. Табалдырығы қауіпсіз және су өткізбейтін болуы қажет. Ішкі есіктер мен санитариялық кабиналардың есіктері – нақты келісілген жоспарлауға сәйкес орнатылады. Санитариялық тораптың жеке жабылуы және аймақтардың қажетті деңгейде бөлінуі қамтамасыз етілуі тиіс. Санитариялық торапта сорып шығаратын желдету жүйесі қарастырылуы қажет. Қалған аймақтарда ауа кіргізу және желдету мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Желдеткіш арналары мен құбырлар өтетін орындар герметизациялануы қажет. 6. Персоналға арналған шкафтар – 24 жеке орын 24 жеке құлыпталатын секция орнатылуы тиіс. Екі тәуелсіз есігі бар 12 екі секциялы металл шкафты пайдалануға рұқсат етіледі. Бір секцияның ұсынылатын габариттік өлшемдері: ені – 300–350 мм, тереңдігі – 450–500 мм, шкафтың жалпы биіктігі – 1 750–1 900 мм. Өлшемдерді барлық 24 секцияны 4 100 × 2 150 мм киім ауыстыру бөлмесіне өту жолдарын тарылтпай орналастыру мақсатында нақтылауға жол беріледі. Материалы – ылғалды тазалауға төзімді ұнтақ бояумен қапталған табақ болат.

	Әрбір секция жеке құлыппен және екі кілтпен жабдықталуы, желдету саңылаулары, жоғарғы сөресі, киім ілуге арналған көлденең сырығы немесе ілгектері және аяқ киімге арналған төменгі бөлігі болуы тиіс. Шкафтар жоспарға сәйкес киім ауыстыру бөлмесінің үш қабырғасының бойына шамамен 7 + 10 + 7 секция тәртібімен орналастырылады. Шкафтар бір-біріне және қабырғаларға берік бекітілуі тиіс. 7. Санитариялық-техникалық жабдықтар Орталық санитариялық блок: су ағызатын бачогы бар унитаз – 1 дана; тұғырығы (поддоны), араластырғыш краны және қоршауы немесе пердесі бар душ – 1 жиынтық; араластырғыш краны бар қолжуғыш – 1 жиынтық. Тұрмыстық бөлме: жұмыс үстелінің бетіне немесе тумбаға орналастырылатын, араластырғыш краны бар қосымша қолжуғыш – 1 жиынтық. Суық суға, ал ыстық сумен жабдықтау жүйесі болған жағдайда ыстық суға қосылуы және кәрізге арналған жеке су бұру желісі қарастырылуы тиіс. Сумен жабдықтау: әрбір сантехникалық құралдың жанында су жабатын крандары бар құбырлар жүйесі тартылуы, құбырлардың өтетін орындары қорғалуы және суды толық ағызу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Кәріз жүйесі: сифондармен жабдықталған ішкі су бұру құбырлары сыртқы кәріз жүйесіне герметикалық түрде қосылуы тиіс. Теріс температураның әсеріне ұшырауы мүмкін барлық су құбырлары мен кәріз учаскелері нақты орнату орнының жағдайларын ескере отырып, жылу оқшауланууы және қатып қалудан қорғалуы тиіс. 8. Тұрмыстық бөлмені жабдықтау Тұрмыстық заттар мен тазалау құралдарын сақтауға арналған жабылатын шкаф – кемінде 1 дана. Шамамен өлшемдері – 600 × 400 × 1 800 мм. Шкаф сөрелермен және ұзын өлшемді заттарды сақтауға арналған жеке бөліктен жабдықталуы тиіс. Жуғыш заттар азық-түлік өнімдері мен ыдыс-аяқтан бөлек сақталуы қажет.Тоңазытқыш орнатуға арналған орын: қорғаныш контактісі бар стационарлық электр розеткасына қолжетімді, бос алаң қарастырылуы тиіс. Ұзартқыштарды пайдалануға және тоңазытқыш жабдығының желдетілуіне кедергі келтіруге жол берілмейді. 9. Электрмен жабдықтау, розеткалар және жарықтандыру 380/220 В электр қуатын енгізу қарастырылуы тиіс (алаңда тиісті желі болған жағдайда үш фазалы). Кіріс автоматты ажыратқышы, тарату қалқаны, электр желілерінің топтарға бөлінуі, қорғаныш жерге қосу, автоматты ажыратқыштар және ылғалды аймақтарды қоса алғанда, розетка желілеріне арналған дифференциалдық қорғаныс құрылғылары орнатылуы тиіс. Электр сымдары мыс өткізгіштерден жасалып, қорғаныш арналарының немесе гофрленген құбырлардың ішіне жасырын тартылуы тиіс. Розетка желілері үшін сымның қимасы шамамен кемінде 3 × 2,5 мм², жарықтандыру желілері үшін кемінде 3 × 1,5 мм² болуы тиіс. Сымдардың түпкілікті қимасы есептік жүктеме мен желі ұзындығына сәйкес анықталады. Барлық розеткалар қорғаныш контактісімен жабдықталуы тиіс. Жалпы пайдалануға арналған розеткалар саны – кемінде 12 дана, оның ішінде: киім ауыстыру бөлмесінде – 4 дана; тұрмыстық бөлмеде – 8 дана. Олардың ішінде тоңазытқышқа арналған 1 тұрақты розетка, электр шәйнегі мен микротолқынды пешке арналған кемінде 2 розетка және

	резервте пайдалануға арналған кемінде 4 бос розетка қарастырылуы тиіс. Ұзартқыштар стационарлық электр желісінің орнына қолданылмауы тиіс. Су жылытқыш пен стационарлық электр жылыту жүйесі (қолданылған жағдайда) үшін жеке электр қосылымдары қарастырылуы тиіс. Бұл қосылымдар жоғарыда көрсетілген 12 розетканың санына кірмейді. Жарықтандыру: аймақтар бойынша бөлек қосылатын кемінде 6 ішкі жарықдиодты шам және кіреберіс есігінің үстіне орнатылатын 1 қорғаныш сыртқы шам қарастырылуы тиіс. Ажыратқыштар пайдалануға ыңғайлы және су шашырауы мүмкін аймақтардан тыс жерлерге орналастырылуы қажет. Ылғалды үй-жайларда ылғалдан қорғаудың тиісті дәрежесі бар электр монтаждау бұйымдары қолданылып, олар қауіпті аймақтардан тыс орналастырылуы тиіс. Электрмен жылыту және суды электрмен жылыту жүйелері болған жағдайда, бір мезгілде пайдаланылатын жүктемелерді тексере отырып, есептік бөлінген электр қуатын шамамен 15 кВт деңгейінде қабылдау ұсынылады. Түпкілікті қуаты мен қосылу тәсілі Тапсырыс берушімен келісіледі. 10. Жылыту, қауіпсіздік және құжаттама жиынтығы Құрғақ үй-жайларды жылыту және санитариялық торапты қатып қалудан қорғау қарастырылуы тиіс. Электр жылыту құрылғыларының түрі, саны мен қуаты жылутехникалық есеппен расталып, жеткізуге дейін Тапсырыс берушімен келісілуі қажет. Жүк көтергіш қаңқаға, конструкцияға, жылу оқшаулағышқа, ішкі және сыртқы әрлеуге, инженерлік жүйелерге, орнатылған жабдыққа және орындалған монтаждау жұмыстарына берілетін кепілдік мерзімі бұйымды қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап кемінде 12 айды құрайды. Кепілдік мерзімі ішінде Жеткізуші сапасыз материалдарды, жабдықтарды пайдалану немесе жұмыстарды сапасыз орындау салдарынан туындаған анықталған ақаулар мен жарамсыздықтарды өз қаражаты есебінен жоюға міндетті. 11. Қабылдау және жеткізілім жиынтықтылығы Жеткізілетін өнім толық құрастырылған және барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген күйде тапсырылуы тиіс. Жөнелтуге дейін Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір аймақтың орындалу барысы мен дайын нәтижесін көрсететін фотосуреттерді және/немесе бейнематериалдарды ұсынуға міндетті. Оның ішінде барлық 24 жеке бөлімнің орналасуы, есіктер мен құлыптардың жұмыс істеуі, сантехникалық жабдықтардың, электр тарату қалқанының және электр розеткаларының жұмыс жағдайы көрсетілуі тиіс. Орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде төмендегілер тексеріледі: геометриялық өлшемдердің жобалық құжаттамаға сәйкестігі; Жабынның тұтастығы мен сапасы; Сантехникалық жабдықтар, қолжуғыштар, душ кабиналары және басқа да ылғалды аймақтар орналасқан жерлерде Орындаушы ылғалдылығы жоғары үй-жайларға арналған арнайы гидрооқшаулағыш материалдарды пайдалана отырып, еден мен оған іргелес қабырғаларға толық гидрооқшаулау жұмыстарын жүргізуге міндетті; Электр қондырғыларының электр қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі; Орындалған жұмыстар мен орнатылған жабдықтардың толықтығы. Орындаушы қосымша қолжуғыш пен шкафты, персоналға арналған 24 жеке секцияны, барлық қажетті қалқалар мен есіктерді, электр нүктелерін,

